

# Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысы.

**Абаев назымбек**  
**шт-16-1**

# Педагогтардың ата-аналармен жұмысы екі бағытта: ата-аналар ұжымымен және жеке-кей



**Жұмыс нысандары: жалпы сынып жиналыстары; ұжымдық және жекелей консультациялар; дәрістер; конференциялар; отбасыларына бару; нысаны және мазмұны бойынша әртүрлі мәтіндік материалдарды рәсімдеу; фотомонтаждар; оқушылар жұмыстарының көрмелері; бірлескен сыныптық мерекелер және т. б.**

- Тақырыптық дәріс – жүйелік ауызша білім берудің кең тараған әдісі. Оны ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналар, психолог тартылады. Сұхбат – ересектермен жұмыс істеудің кең тараған нысаны, бастауыш сынып педагогтары жиі пайдаланады. Сынып жетекшісінің сұрақтарына бірлесе жауап іздегенде ата-аналар көбінесе балалармен бірге өмір жағдайларына шешімдер тауып жатады.
- Ата-аналар оқуы мұғалімнің дәрістерін тыңдауға ғана емес, сонымен бірге проблема бойынша әдебиетті зерделеуге және оны талқылауға қатысуға мүмкіндік береді

## Сыныптық мерекелер ата-аналармен қарым-қатынас жасаудың берік негізі болып табылады

- спорттық жарыстар, мысалы, «Әкем, шешем, мен – спорттық отбасы»;
- ертеңгіліктер: «Әкем, шешем, мен – оқитын отбасы» және «Әкем, шешем, мен – тату отбасы»;
- балалар мен ата-аналарға арналған «Бірге ойнаймыз» викторинасы;
- бүкіл отбасына арналған «Бақытты жағдай» ойыны;
- 8 Наурызға, «Отан қорғаушылар күніне арналған» мерекелер және көптеген басқа шаралар.

- **Сауалнама жүргізу және сұхбаттар сынып оқушыларының әлеуметтік портреттерін құруға мүмкіндік береді, бұл ата-аналармен бірлескен жұмыстың келесідей жоспарларын анықтайды:**
- олардың педагогикалық мәдениетін арттыруға көмектесу;
- орта және жоғарғы буында педагогтармен арақатынас кезіндегі үлкен өзінділік пен жұмсақтыққа ата-аналар ұжымын дайындау;
- сыныптық ата-аналар жиналысында ересектердің коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- балалар мен ата-аналар арақатынасындағы тәуекел факторларын төмендету.

- ▣ **Бинарлық дәрістерді** бірнеше мамандар: психолог және педагог, психолог және пән мұғалімдері дайындайды және жүргізеді. Ата-аналарда түрлі мамандардың көзқарастарын салыстыруға және талқыланатын проблемаға өз қатынастарын анықтауға мүмкіндік пайда болады.
- ▣ **Іскерлік ойын** барысында ересектер соңғы қорытындыны өздері шығарады, оған жеке субъективті көзқарастарын енгізеді. Басты ереже – сұхбаттасушыны құрметпен тыңдай білу, оның пікіріне қосылу немесе балама шешімін байыппен айту.

□ **Назарларыңызға рахмет**